

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: СӨЙЛЕМ

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға сөйлем туралы,
сөйлемнен кейін келетін тыныс
белгілері туралы жалпы түсінік
беру. Өзіндік жұмыс істеуге,
тілдерін дамытуға үйрету.



Топтың ережесі

1. Сабақтан кешікпеу.
2. Уақытқа бағыну.
3. Бір-бірімізді тындау.
4. Әркімнің пікірі құнды.
5. Қысқа да нұсқа сөйлейік!
6. Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайық!
7. Жекелей жұмыс жасағанда бір-бірімізге бөгет жасамайық!



I - топ. «Нүктелер тобы».



II - топ. «Сұрау белгісі тобы».

III - топ. «Леп белгісі тобы».

Психологиялық дайындық.

Екі көз не үшін керек?

Бар жақсылықты көру үшін.

Екі құлақ не үшін керек?

Ақыл- кеңесті тыңдау үшін.

Екі қол не үшін керек?

Елге көмек беру үшін.

Екі аяқ не үшін керек?

Шетте жүрсең, туған жерге жету үшін.

Сөзжұмбақ.



ұ	с	т	а	з
---	---	---	---	---

ө	с	і	м	д	і	к
---	---	---	---	---	---	---

б	и	д	а	й
---	---	---	---	---

б	ұ	л	б	ұ	л
---	---	---	---	---	---



ү	л	к	е	н
---	---	---	---	---

м	е	к	т	е	п
---	---	---	---	---	---



- Ал балалар,
- Дәптерімізді ашайық.
- Қолға қалам алайық.
- Салақтықтан қашайық,
- Әдемі етіп жазайық.





КӨРКЕМ ЖАЗУ



Й й ай





164- жаттығу.

*Шекара,
шекарашы, ел,
қорғайды,
күзет, олар,
тұрады.*

*Шекарашылар
күзетте тұрады.
Олар еліміздің
шекарасын
қорғайды.*



Ереже:

Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлемнен соң не нүкте (.), не сұрау белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.



165- жаттығу.

Жақшадағы сөздерді сөйлемнің мағынасына қарай өзгертіп жаз.



I – топ. Ажар (кітапхана) барды.

II – топ. (Кітапхана) адам көп.

III – топ. Ол (кітапхана) кітап алды.

166- жаттығу.

Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.



Сергіту сәті



ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Қастеев Әбілхан (1904-1973) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туып өскен жері Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі. Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956). Еңбек жолын Түркісіб темір жол құрлысында жұмысшы болып бастады. Москвадағы көркем сурет студияларында Н.Г.Хлудов пен И.Бродскийден сабақ алды (1929-1936). Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген. Әбілхан қол өнеріне, одан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау бақсұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Оның 1930-1931 жылдары салған «Қарындастың портреті», «Автопортрет» атты туындылары түпнұсқаға ұқсастығымен және кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді.










Шығармашылық тапсырма.

I – топ.


Сөйлемді жалғастыр

1. Балабақшада ойыншықтар.....
2. Менің үйімде
3. Мен тауға

II - ТОП:
БІЗДІҢ КӨҢІЛ- КҮЙІМІЗ.



III - ТОП: НЕ АРТЫҚ?



Қорытындылау:

Сөздер бір-бірімен мағыналық байланыста болады

Сөзден құралады

Сөйлем

Сөйлем бас әріптен басталып жазылады

*Тыныс белгілері
« . ! ? »*

Үйге тапсырма:

Ереже.

168 – жаттығу. 63-бет





*Қатысқандарыңызға үлкен рахмет.
Еңбектеріңізге үлкен табыс тілеймін!!!*